

МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ



Қайынм!

- Бұл құрылғыны бекітілген қабырға розеткасының дәл қасына қоймау керек.
- Бұл құрылғыны душтың, ваннаның, раковинаның, бассейннің және т.б. жанында пайдаланбаңыз.
- Егер қуат кабелі зақымданса, барлық қауіп-қатерлерді жою үшін оны өнім жасаушысы немесе рұқсаты бар техникалық қызмет орталығы ауыстыруы керек.
- Бұл құрылғыны басқару элементтері ваннада не душта суға түсіп жатқан адамның қолы жетпейтіндей етіп орнату керек.



Маңызды!

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға, қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалардың құрылғымен ойнамауы керек. Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек.
- 3 жасқа толмаған балаларды

үздіксіз бақылау болмаған кезде аулақ ұстаңыз.

- 3 жастан асқан және 8 жасқа толмаған балалар құрылғыны тек қалыпты жұмыс істейтін орынға орналастырғанда немесе орнатқанда және олар бақылауда болғанда немесе құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және болуы мүмкін қауіп-қатер туралы ақпарат берілгенде ғана іске қосуы/ажыратуы керек. 3 жастан асқан және 8 жасқа толмаған балалар құрылғыны розеткаға қоспайды, реттемейді, тазаламайды немесе техникалық күтім көрсетпейді.

ЕСКЕРТУ — Осы өнімнің бөліктері өте ыстық болуы және күйіп қалуға себеп болуы мүмкін. Балалар және мүмкіндіктері шектелген адамдар бар жерде оларға өте мұқият назар аудару керек.

- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** қауіпсіздік жүйесін байқамай қайта орнатудан туындайтын кез келген қауіп-қатердің алдын алу үшін, бұл құрылғыны таймер сияқты сыртқы таймермен іске қосу керек немесе қуат бергіш қосып-ажыратып тұратын желіге жалғанған болуы керек.



Күйіп қалу қаупі бар!

- **ЕСКЕРТУ:** Қызып кетудің

алдын алу үшін
ешбір жағдайда 
құрылғыларды
пайдалану кезінде оның бетін
бүркемеңіз, себебі бұл қауіпті
қызып кетуге себеп болуы
мүмкін.



Ескеріңіз:

- Ұзартқыш сымдарды пайдалану ұсынылмайды.
Дегенмен, оларды пайдаланудан бас тарту мүмкін болмаса, ұзарту сымымен берілген нұсқауларды орындаңыз және ұзартқышта белгіленген қуат шегінен ешқашан асырмаңыз.
- Қыздырғышты мүліктен немесе басқа нәрселерден кемінде 50 см алшақ орналастырыңыз.
- Бұл құрылғыны еден ауданы 4 м² кем болатын бөлмелерде пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны сақтап қоймас бұрын, оның толық ажыратылғанына және розеткадан толығымен суырылғанына көз жеткізіңіз. Оны шаңды орталарға сақтамаңыз.
- Құрылғының үстіне ешнәрсе қоймаңыз.
- Бұл құрылғыны жуылған киімдерді кептіру үшін пайдаланбаңыз. Ауа кіру тесігі мен шығу торларын жаппаңыз (қызып кету қаупі болады).
- Бұл құрылғыны қабырғаларға, жиһазға, перделерге және т.б. жақын жерде пайдаланбаңыз.
- Бірінші рет пайдаланылған кезде, құрылғыдан қызуға байланысты жағымсыз иіс шығуы мүмкін.

Қауіпсіздік функциялары

- Қауіпсіздік құрылғысы: бұл құрылғы шамадан тыс қызған жағдайда (мысалы, ауа кіру тесігі мен шығу торларының бітелуінен, мотор жай айналғанда немесе мүлдем айналмай қалғанда) оны ажырататын қауіпсіздік құрылғысымен жабдықталған. Ондай жағдайдан кейін құрылғыны қалыпты күйге келтіру үшін, ашаны қуат розеткасынан бірнеше минутқа суырып қойыңыз, шамадан тыс қызу себебін жойыңыз да, розеткаға қайта жалғаңыз. Егер бұл құрылғы жұмыс істемесе, De'Longhi тұтынушыларға қызмет көрсету орталығымен хабарласыңыз.

КІРІСПЕ

Осы De'Longhi өнімін таңдағаныңызға рахмет. Осы нұсқауларды оқып шығуға бірнеше минут бөліңіз. Бұл барлық қауіп-қатерлер мен құрылғының зақымдануының алдын алады.

Осы нұсқаулықта пайдаланылған таңбалар

Маңызды ескертулер төмендегі осы таңбалармен анықталады. Осы ескертулерді құрметтеу өте маңызды болып табылады. Осы ескертулерді ескермеу электр тогына түсуге, ауыр жарақатқа, күйіктерге, өртке немесе құрылғының жарақаттануына әкеп соқтырады.



Қауіпті!

Мұндай ескертуді елемей электр тогына түсу салдарынан өмірге қауіп төндіретін жарақатқа себеп болуы мүмкін.



Маңызды!

Мұндай ескертуді елемей жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.



Күйіп қалу қаупі бар!

Мұндай ескертуді елемей күйіп қалуға әкеп соқтырады.



Ескеріңіз:

Бұл таңба пайдаланушыға арналған маңызды ұсыныстар мен ақпаратты білдіреді.

СИПАТТАМА

(1-суретті қараңыз)

- A** Функция таңдағыш (кейбір үлгілерде ғана)
- B** Бөлме термостаты
- C** Индикатор шамы (кейбір үлгілерде ғана)

ПАЙДАЛАНУ

Орнату

Бұл құрылғыны портативті конфигурацияда ғана пайдалану керек. Бұл – тек үйде пайдалануға арналған құрылғы. Бұл құрылғыны бекітілген қуат көзінің дәл астына орналастырмау керек.

Электр желісіне қосу

- Розеткаға қосу алдында розетканың кернеуінің құрылғыда көрсетілген V (Вольт) мәніне сай екеніне және қуат сымның қажетті жүктеу шамасына сай екеніне көз жеткізіңіз.
- **ҚҰРЫЛҒЫ ЭЛЕКТРОМАГНИТТІК ҮЙЛЕСІМДІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ 2004/108/CE СТАНДАРТЫНА САЙ.**

Іске қосу және пайдалану

Функция таңдағышы мен термостаты бар үлгілер.

- Термостатты (егер болса) ең жоғарғы бағытқа барғанша сағат тілі бағытымен бұраңыз.
- **Жазғы қолданыс (тек желдеткіш):** функция таңдағышты * бағытына бұраңыз. (егер болса, индикатор шамы жанады)
- **Төменгі қуатта қыздыру:** функция таңдағышты «1» бағытына бұраңыз. (егер болса, индикатор шамы жанады)
- **Ең жоғарғы қуатта қыздыру:** функция таңдағышты «2» бағытына бұраңыз. (егер болса, индикатор шамы жанады)
- **Өшіру:** функция таңдағышты «0» бағытына бұраңыз.
Құрылғы пайдаланылмаған кезде, оны розеткадан ажыратып қою ұсынылады.

Термостаты бар үлгілерде ғана

Құрылғыны іске қосу үшін, термостатты барған жеріне шейін сағат тілі бағытымен бұраңыз. (егер болса, индикатор шамы жанады). Құрылғыны толығымен өшіру үшін, термостатты ең төменгі * бағытқа бұрап, құрылғыны розеткадан суырыңыз.

Термостатты реттеу

Бөлме температурасы қажетті деңгейге жеткен кезде, термостатты сағат тілі бағытына қарсы құрылғы ажырағанша бұраңыз, бірақ одан әрі бұрамаңыз. Одан кейін термостат бөлме температурасын автоматты түрде таңдалған деңгейде күйде сақтайды.

Қатудан қорғау

Функция таңдағышты «2» бағытына және термостатты * бағытына бұраңыз.
Бұл құрылғы ең төменгі қуат тұтыну режиміне қойылған кезде шамамен 5°C температураны сақтап тұратындай етіп орнатылған.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

- Тазалау алдында әрқашан розеткадан суырып отырыңыз.
- Ауа кіру және ауа шығару торларын жиі-жиі тазалап отырыңыз, қажет болса, жиналған шаңнан тазалау үшін шаңсорғышты пайдаланыңыз.
- Ешқашан қырғыш ұнтақтарды немесе еріткіштерді пайдаланбаңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Қуат көзі	Мәліметтер тақтасын көріңіз
Тұтынылатын қуат	"

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Бұйым түрі:	өнімдегі таңбалауға қараңыз
Үлгі:	"
Кернеу:	"
Жиілік:	"
Қуаты:	"

Қытайда:

De'Longhi Appliances s.r.l.
via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy
Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.
Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін жасалған.

Кедендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауап көршілікті және импортер:

"Делонги" ЖШҚ
127055 Ресей, Мәскеу қ,
Сушѐвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат
Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

EAC